



№99 (10192)
27 желтоқсан,
сенбі
2025 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

■ Куанса, бала куансын!

Ғажайыпқа толы жаңа жыл



ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚР ПРЕЗИДЕНТІ АТЫНАН «ҒАЖАЙЫПҚА ТОЛЫ ЖАҢА ЖЫЛ» АТТЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ДӘСТҮРЛІ ШЫРША МЕРЕКЕСІ ӨТТІ. ЕРЕКШЕ БЕЗЕНДІРІЛГЕН КЕҢІСТІК, АЛТЫН РЕҢКТІ ШАМДАР, АСПАЛЫ ШЫРАҚТАР, ӘРТҮРЛІ КОСТЮМ КИГЕН ЕРТЕГІ КЕІПКЕРЛЕРІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҢАЖЫЛДЫҚ КӨҢІЛ КҮЙІН КӨТЕРЕ ТҮСТІ. ЕРТЕҢГІЛІККЕ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНАН ЖӘНЕ АУДАҢДАРДАН ҮЗДІК, ӨНЕРЛІ, ҚАБІЛЕТТІ, БІЛІМ БӘСЕКЕЛЕРІНДЕ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТКЕН 200-ГЕ ЖУЫҚ ОҚУШЫ ҚАТЫСТЫ. БҮЛДІРШІНДЕР МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫНЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ МЕН ЕСТЕЛІК СЫЙЛЫҚТАРЫН АЛЫП, ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚОЙЫЛЫМ ТАМАШАЛАДЫ.

4

«Ақмаржан» – асыл тәрбие арқауы

Есіктен енген сәтте-ақ уақыт өз ырғағын баяулатқандай. Бұл аулада бәрі бөлек, үн де, түс те, тыныс та өзгеше. Үш дөңгелекті күйме құдды ертегілер қойнауынан сырғып шыққандай. Саңырауқұлақтар темірден не ағаштан емес, қарапайым автомобиль дөңгелегінен жасалған. Қоңыр аю да қыстың қырауын жамылып, ап-сәтте ақ аюға айналған. Аулаға аяқ басқан сәттен бастап күнделікті күйбең тіршіліктен алыстап, мүлде басқа әлемге енесіз. Бұл – ауданымыздағы «Ақмаржан» бөбекжай-бақшасы.



Баланың балғын шағы – адам ғұмырының ең нәзік, ең жауапты кезеңі. Осы кезеңде тәрбие мен білімнің іргесі берік болса, болашақтың да бағыты айқын болмақ. Сондай жауапкершілікті терең сезініп, жылдар бойы жүйелі жұмыс жасап келе жатқан балабақша 2010 жылдың 9 наурызында жұмысын бастады. Тіпті жоба бойынша салынған екіқабатты ғимарат 90 орынға арналған. Су жүйесі орталықтандырылған, жылу жүйесі де автономды. Материалдық-техникалық базасы толық жабдықталған мекеме бүгінде 5 топта 90 баланы тәрбиелеп отыр. Кіші жастағы «Балапан», «Қызғалдақ», ортаңғы «Көгершін», ересектер тобы «Жұлдыз» және мектепалды даярлықтағы «Қарлығаш», әрқайсысы баланың жас ерекшелігі мен танымына сай қалыптасқан. Балабақша аптасына бес күн 7:45-18:30 аралығында 10,5 сағаттық жұмыс режимінде қызмет етеді. Музыка мен дене шынықтыруға арналған біріктірілген зал, психолог, логопед, медбике кабинеттері тәрбиенің жан-жақты болуына жол ашып отыр. Ұжым өз жұмысында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын, мектепке дейінгі үлгілік оқу бағдарламасын және 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алады. Бұл жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі де жоқ емес. «Ақмаржан» ұжымы жыл сайын аудандық, облыстық байқауларда

топ жарып, кәсіби шеберлігін дәлелдеп келеді. Аудандық деңгейде педагогтар «Менің қауіпсіз әлемім», «Мен зерттеушімін», «Үздік апталық циклограмма», «Үздік тәрбиеші», «Ханталапай» ұлттық ойындар байқауы, «Шебер өке, өнерлі ана, еңбекқор бала», «Шаңырақ» отбасылық байқауы, «Үздік дамытушы бағдарлама», «Мектепке дейінгі ұжымдағы үздік жоба» секілді сайыстарда жүлделі орындар мен алғыс хаттарға ие болды. Жетістіктің шегі ауданмен ғана шектелмейді. Облыстық деңгейде өткен жылы «Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» байқауында 2-орын иеленсе, биыл «Үздік мектепке дейінгі ұйым педагогы» сайысында 3-орын, сондай-ақ «Үздік психолог» байқауындағы номинация «Ақмаржан» мамандарының еңбегі өңір көлемінде мойындалғанын көрсетеді.

Мұндағы IT кабинеттің тыныс-тіршілігін тану үшін біз де сол кеңістікке өндік. Есіктен енгеннен бала қиялының ұшқырлығынан жасалған үш желдеткіш, сөрелерге жайғасқан роботтар мен түрлі техникалық макеттер терден орын алыпты. Балабақшаның тың бастамаларын үнемі назарда ұстап, жаңашылдыққа жол ашып жүрген Салтанат Дүзелбаева әр кабинеттегі бұрыштардың мән-маңызына арнайы тоқталды. Сөйтсек, барлық бөлмеде баланың жай-күйі де ескерілген екен. Шаршаған сәтте балалар өз-өзімен ты-

ныстап, демалуы үшін жеке оңаша бұрышы қарастырылған. Бір шетке мінгестіріле қойылған бес-алты көпшік кезге бірден түседі. Қазақы нақышпен өрнектелген бұл жастықтар тек жайлылық үшін ғана емес, ұлттық танымды бала бойына сіңірудің де бір тетігі іспетті. Осындай ұсақ көрінгенімен, ұлағатты детальдар арқылы балабақшада білім мен тәрбие қатар өріліп, бала жан дүниесіне нәзік қамқорлық жасалып отырғаны анық аңғарылады.

Балабақшада тек сынып іші ғана емес, әрбір қабырғасы да терең оймен, ұқыптылықпен сөйлейді. Дәліз бойымен ілгерілеген сайын баланың дамуына бағытталған тірі кеңістікті көресің. Қабырғаларға орналастырылған алақан макеттері сәнорлық қабілетті жетілдіріп, нейрожаттықтар арқылы ұсақ моториканы шыңдауға үндейді. Дәліз аяғына дейін тізілген кітаптар балаға білімге апарар жолды үнсіз ұсынып тұр. Ал жанындағы жапсарласа қойылған шахмат үстелі – ойлау мәдениетін ерте жастан қалыптастыруға бағытталған тың қадам. Түрлі түсті шарбақтың артына шоғырланған қыш бұйымдар – жай ғана безендіру емес, балалар мен тәрбиешілердің бірлескен еңбегінің көрінісі.

Бұл жақта тек қызметтік құрамның ғана емес, ата-аналардың да белсенділігі байқалады. Ұқыптылықпен қойылған ойыншықтар демеушілік арқылы алынып, ор-

тақ іске жанашырлық танытқан ниет аңғартады. Келген бүлдіршіндер өз тобына жеткенше ойынға беріліп, уақытын тиімді өткізіп үлгереді. Бүгінде балабақшаға кейде таңғы ұйқысын қимай келетін баланың өзі келген сәттен серпіп сала береді. Осы бір қарапайым ғана көрінетін шешім таңғы бейімделуді жеңілдетудің ұтымды амалы іспетті.

Балабақшада балалардың білімі мен тәрбиесіне жауапты он тәрбиеші еңбек етеді. Соның бірі – өз ісіне жүрек жылуын қоса білетін, бала жанын түсінетін Гүлжан Әзтайқызы. Оның тәрбиешілік жолындағы тәжірибесі – 12 жыл. Бұл – бір баланың ғана емес, талай буынның балалық шағына із қалдырған уақыт. Бұл мамандыққа келуіне үлкен әпкесінің ықпалы ерекше болыпты. Тәрбиеші мамандығында оқып жүрген бауырының қолынан шыққан ойыншықтар мен көрнекіліктерді көргенде бала қиялына арналған дүниенің қандай құдіретті екенін алғаш сезінген. «Осы салаға келгенде ғана бала кезден ішімде жүрген арманымның орындалғанын түсіндім» дейді.

Байырмен зер салған адамға, бұл балабақша – жай ғана тәрбие мекемесі ғана емес, балалық шақтың көркем шежіресін түзген орта. Осындай ортадан түлеп ұшқан баланың бойында ізденіс те, адамгершілік те қатар қалыптасары анық.

Гүлжан Есжан

■ Сараптама

Кәсіпкерлік: салаға қайтсек серпін береміз?

Елдегі жұмыссыздық мәселесін шешу, жаңа жұмыс орындарын құру, халықтың тұрмыс сапасын арттыру, Президенттің айқындаған алдағы мақсат-міндеттерінің басым бөлігі осыған саяды. Ал оны жүзеге асырудың тиімді тетігі түптөп келгенде кәсіпкерлік саласына келіп тіреледі. Міне, саланы қолдауға мемлекеттің ерекше қарқын беруі сондықтан.



6 жылда 4,5 трлн теңге қолдау көрсетілген

Иә, елімізде тәуелсіздік алған жылдардан бері «Бұл саланы қайтсек аяққа тұрғызамыз?» деген сауалдың түйінін тарқату үшін бірқатар шара қабылданды. Тіпті екі мыңыншы жылдардан бері түрлі бағдарламалар ерекше қарқынмен жұмыс жасады. Олар іскер азаматтарға, кәсіп ашуға ниеттілерге пайыздық үстемақысы төмен несиелер, қайтарымсыз гранттар беруді көздейді. Бірақ бұл қолдауға ел азаматтары қол жеткізе алды ма? Оның жемісі қалай? Елдегі кәсіпкерлік саласына серпін беруге негізделген бағдарламалар өңірлерде жұмыссыздық мәселесін тұсауға қолғабыс болды ма? Бүгінгі сараптамалық мақаламызда осындай басқа да бірқатар сауалдың түйінін тарқатуға тырыстық.

Соңғы 6 жылда мемлекет кәсіпкерлерге 4,5 трлн теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсеткен. Оның 90 пайызы шығыстарды және несиелер бойынша мөлшерлемелерді субсидиялау, тауарлардың кепілдік берілген көлемін сатып алу, несиелер беру және лизингтік қолдаудың еңшісінде.

Бұдан мемлекет саланы қолдауда қаржыны аямағанын аңғару қиын емес, бірақ оның жемісі қандай? Өкінішке орай елімізде бұл сауалдың түйіні тарқатылмаған.

Елімізде бизнес саясатын жүргізуде кемшілік көп

Қазақстанда кәсіпкерлік саласындағы саясатты қалыптастыратын жауапты мемлекеттік орган ұзақ уақыттан бері белгіленбеді. Бұл – ең үлкен кемшілік. Қанша жылдан бері кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттің басты саясатының бірі болғанымен, 2 жыл бұрын ғана бірыңғай саясатты қалыптастыру Ұлттық экономика министрлігіне жүктелді. Бірақ «бүгінде бұл бастама толық өз нәтижесін беріп жатыр» деп кесіп айту қиын. Әлі де түрлі шаралар, тетіктер мен операторлардан көз сүрінеді. Бұл қарапайым кәсіпкерлерге қиындық туғызды. Әлі де салада цифрландырудың тиісті деңгейі қалыптаспады. Өтініш беруден бастап әсерлерді бағалауға дейінгі қолдаудың барлық түрін қамтитын бірыңғай ақпараттық платформа әлі жұмысын бастаған жоқ. Бизнеске арналған «бір терезе» қағидаты да жұмыс істемейді. Тіпті уәкілетті орган қандай қолдау көрсетіліп жатқанын, оның қай көлемде екенін бейхабар.

Елімізде кейбір кәсіпкерлік субъектісі мемлекеттен үнемі қаржылай қолдау тауып отырған. Тіпті түрлі қаржы көздерінен 19-ға дейін қолдау шараларымен қамтылған кәсіпкерлік субъектілері де бар болып шықты. Міне, бұдан көрсетілетін шаралардың инерциямен жалғасып жатқанын аңғару қиын емес, яғни нақты алынған нәтиже бойынша олар қайта бағаланбайды.

Бізге салаға көрсетілетін қолдаудың тиімділігін бағалауда сандық көрсеткіштер ғана ескерілетін сияқты, яғни жұмыс орындары мен салықтар ғана қызықтыратындай. Ал өндіріс көлемі, қосылған құнның өсімі, кәсіптің қаржылық тұрақтылығына ешкім бас қатырмайды. Шындығында, бұл экономикамыз үшін берінен маңызды.

Жалғасы 4-бетте

Аңдатпа Белсебет



3

Сессия

Депутаттар ауданның даму жоспарын бекітті

Жалағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 38-сессиясы өтті. Аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов модераторлық жасаған жиынға аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов, бөлім және мекеме басшылары қатысты.

Күн тәртібінде алдымен «2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы 28-2 шешіміне өзгерістер енгізу жайы пысықталды. Мұнан кейін 2026-2030 жылдарға арналған Жалағаш ауданының даму бағдарламасы бекітілді.

Сессияда «Учаскелік сайлау комиссияларын сайлау туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №13-2 шешіміне өзгерістер енгізу жайын да халық қалаулылары қарады. Сонымен қатар аудандық жер комиссиясының құрамы және комиссия туралы ережені бекіту жайы пысықталды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Нұрсұлу Маратқызы кеңінен тарқатты. Бөлім басшысының алдымен облыстық мәслихаттың 2024 жылғы 9 желтоқсандағы «2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №130 шешімін іске асыру туралы» облыс әкімдігінің 2024 жылғы 18 желтоқсандағы №195 қаулысына өзгерістер енгізу туралы, облыс әкімдігінің 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №228 қаулысымен облыстық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерге енгізілген өзгерістер туралы баяндады.

Екінші мәселе бойынша да аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Н.Маратқызы хабарлама жасады. Спикер 2026-2023 жылдарға арналған Жалағаш ауданының даму жоспарының жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі» туралы қаулысына және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің 2025 жылғы 1



желтоқсандағы №128 бұйрығына сәйкес әзірленгенін айтты.

Ауданның даму жоспары тиісті ауданның дамуын айқындайды және минималды стандарттарды, елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесі міндетті түрде қолданыла отырып, облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органымен келісу бойынша бесжылдық кезеңге әзірленіп, жергілікті өкілді органының шешімімен бекітіледі. Жаңа форматқа сәйкес әзірленген 2026-2030 жылдарға арналған ауданның даму жоспарының жобасы 4 бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім – бағдарламаның паспорты. Бұл бөлімде бағдарламаның атауы, ауданның негізгі сипаттамалары, бағдарламаның бағыттары мен мақсаттары, қажетті ресурстар қысқаша баяндалған.

Екінші бөлім – ағымдағы жағдайды талдау бөлімі. Бұл бөлімде аудан экономикасы мен әлеуметтік жағдайының соңғы үш жыл 2022-2024 жылдар және 2025 жылдың 10 айындағы көрсеткіштеріне аналитикалық талдау жасалған.

Үшінші бөлім – негізгі бағыттар, мақсаттар, негізгі ұлттық индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері және оларға қол жеткізу жолдары бөлімі. Бұл бөлім 4 бағытты және өзге де мақсаттар бағытын қамтиды.

Ауданның даму жоспарының барлық мақсатына қол жеткізу дәрежесін айқындауға мүмкіндік беретін аралық және түпкілікті мәндері бар 10 негізгі Ұлттық индикаторларды, міндеттерді және нәтижелер көрсеткіштерін қамтиды. Атап айтқанда, орналастыру орындарында қызмет көрсетілген ішкі туристер саны, орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келуші туристер саны, туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жылдар. Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен, яғни көдейлік шегінен төмен халықтың үлесі, 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту, өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес әлеуметтік іпкілтермен және қызметтермен қамтамасыз ету деңгейі қарастырылған. Сондай-ақ жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы ішкі жолдардың үлесін арттыру, негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі, инклюзивті білім беруге жағдай жасалған мектептердің үлесі, мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі кіреді.

Төртінші бөлім – алға қойған мақсаттарға қол жеткізуге қажетті ресурстар. Бөлімде даму жоспары бойынша алға қойылған мақсаттарға жету үшін қажетті ресурстар қаржыландыру көздері бойынша көрсетілген. Қаржыландыру көздері республикалық бюджеттен,

жергілікті бюджеттен және басқа да көздер бөлінісінде алынған.

Үшінші мәселе бойынша аудандық мәслихаттың сайлау комиссияларын қалыптастыру жөніндегі жұмысшы топ мүшесі, аудандық мәслихат аппаратының ұйымдастыру-құқықтық бөлімінің басшысы Э.Құттымбетова «Учаскелік сайлау комиссияларын сайлау туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №13-2 шешіміне енгізілген өзгерістермен таныстырды. Төртінші мәселе бойынша хабарлама жасаған аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы А.Дәрібаев аудандық жер комиссиясының ережесі мен лауазымдық құрамын бекітуге ұсынды.

Күн тәртібін ұсынылған мәселелер бірауыздан депутаттармен бекітілді. Сессия соңында аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов ұсынылған мәселелерге, оның ішінде аудан бюджетінің жобасына қолдау білдіргендері үшін депутаттарға алғысын білдіріп, алда келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Сессия жұмысын аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов қорытындылады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Кеңес

Аудан әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Комиссия төрағасы Ғани Сүлейменов жүргізген келелі жиынға комиссия мүшелері қатысты. Күн тәртібінде көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған өзекті үш мәселе қаралды.

Мәселемен күрескеннен алдын алған тиімді



Бірінші мәселе бойынша әлеуметтік жетімдіктің алдын алу шаралары және білім бөлімдері жанындағы қамқоршылық пен қорғаншылық органдарының атқарып жатқан жұмыстары талқыланды. Бұл бағытта отбасында қиын жағдайға тап болған балаларды анықтау, оларға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету және ата-аналармен профилактикалық жұмыстарды күшейту қажеттігі атап өтілді.

Екінші мәселе Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінде студенттер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттерге арналды. Колледж әкімшілігі құқық қорғау органдарымен бірлескен профилактикалық іс-шаралар, түсіндіру жұмыстары және студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Үшінші мәселе көмелетке толмағандар арасындағы өрте жүктілік, оның ішінде он алты жасқа толмаған жасөспірімдердің жүктілігі мәселесіне арналды. Аталған мәселе бойынша денсаулық сақтау мекемесінің өкілі баяндама жасап, алдын алу шаралары, түсіндіру жұмыстары және ата-аналармен өзара іс-қимылды күшейту қажеттігін атап өтті.

Жиында аудандық білім бөлімі, Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі және аудандық аурухана өкілдері баяндама жасап, көтерілген мәселелер бойынша өз ұсыныстарын ортаға салды. Комиссия отырысы қорытындысымен комиссия төрағасы балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бағытындағы жұмыстарды одан әрі күшейту қажеттігін атап өтіп, жауапты мекемелерге нақты міндеттер жүктеп, олардың орындалуын жті бақылауды тапсырды. Сондай-ақ Ғани Сүлейменов көз келген мәселенің алдын алуда профилактикалық шаралардың маңызы жоғары екенін атап өтті. Ол комиссия мүшелерін мәселемен күрескеннен оның алдын алуға шақырды.

Е.АНУАРҰЛЫ

Кеңес

Партия жұмысы пысықталды

«Amanat» партиясы облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен келіп, партия активімен кездесті. Жиында партияның аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева филиалдың бір жылда атқарған жұмыстары бойынша есебін баяндады. Сонымен қатар партиялық бақылау комиссиясының жылдық есебі, Аққум ауылдық округі бастауыш партия ұйымының есебі, бастауыш ұйымдар деңгейінде жүзеге асқан іс-шаралардың қорытындылары тыңдалды.

Айта кетейік, ауданда 3 274 партия мүшесі қамтылған 22 бастауыш партия ұйымы жұмыс жасайды. Биыл бастауыш партия ұйымдарымен партиялық жобалар аясында іс-шаралар белсенді жүзеге асырылған. Шаралар нысаналы трансферт есебінен қаржыландырылған.

Жыл сайынғы өтетін бастауыш ұйымдар арқылы айына 130-дан аса шара ұйымдастырылып, 2 мыңнан астам адам қамтылған. Есепті кезеңде аудандық партиялық бақылау комиссиясының 11 отырысы өтіп, 23 мәселе қаралған. Онда 65 ұсыныс айтылып, оның 38-і орындалған. Партиялық бақылау бекеттері орнатылған 1 нысан, яғни Қаракеткен ауылында орналасқан амбулаторияның құрылысы қантар айында ел ігілігіне берілді. Бұл нысан сайлауалды бағдарлама аясында салынған.

«Amanat» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасын облысы бойынша іске асыруға бағытталған Жол картасының №91 тармағына сәйкес емдеу ұйымдарының қажетті дәрі-дәрмектермен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілуін және олардың жабдықталуына, мемлекет тарапынан мал басын көбейтуге және оны асылдандыру мен өнімін ұлғайту бағытында 10 шаруа қожалыққа зерделеу жұмыстары тоқсан сайын жүргізілген.

– Сайлауалды бағдарламаны іске асыру аясында қалалық және ауылдық елді мекен тұрғындарын сапалы, таза ауысумен қамтамасыз етуге басымдық берілген. Осы ретте жасақталған комиссия құрамымен бірге Жалағаш ауданындағы барлық ауылға арнайы барып, ауызсу жеткізуге арналған насос станцияларының жұмыс барысы қаралды. Жалағаш кентіндегі бірқатар көшедегі ашық қалған құдықтар мен люктер тексеріліп, мониторинг жұмыстары жүргізілді. Анықталған кемшіліктер тиісті мемлекеттік орындарға хабарланып, қалыпқа келтіру жұмыстары жасалды. Бұдан бөлек



Жалағаш ауданының төтенше жағдайлар және жұмылдыру дайындығы мен аумақтық қорғаныс бөлімі мамандарымен бірге аудан бойынша көктемгі су тасқынының алдын алу дайындығын бақылау мақсатында іргелес жатқан ірі суару каналдарына мониторинг жасалды, – деді Қаншагүл Мұстафаева.

Айта кетейік, бұдан бөлек өрт қауіпсіздігі мақсатында, азық-түлік тауарлары мен дәрі-дәрмектердің баға тұрақтылығы бойынша, аудандағы барлық спорт алаңдарының жай-күйі бойынша және ауылдардың ішкі көшелеріне салынып жатқан асфальттау жұмыстарына жыл басынан бері 30 мониторинг жұмысы жүргізілген. Аудандағы барлық білім беру мекемесі мен медициналық емдеу ұйымдарындағы жылу қазандықтарының қысқы жылу маусымына дайындығын бақылап, мониторинг жұмыстары жүргізілген. Есепті кезеңде аудандық мәслихаттағы «Amanat» партиясы фракциясының 5 рет отырысы өтіп, онда 12 мәселе қаралып, 32 ұсыныс берілген. Жалағаш ауданының әкімі Ардақ Ибраимовтың 2025 жылғы Жол картасының орындалу қорытындысы бойынша есебі тыңдалды.

Осыған дейін қоғамдық бақылау бөлмесіне 650 өтініш тіркелген. Оның 444-іне қатысты оң шешім қабылдана, 206 мәселе бойынша кеңес берілді. Депутаттармен өткен 47 қабылдауда 155 өтініш тіркелген. Оның 85-іне қатысты оң шешім қабылдана, 65 мәселе бойынша кеңес берілген.

Қабылдаулар партия алаңында, сондай-ақ көшпелі қабылдауларға сәйкес сайлау округтеріндегі бастауыш ұйымдар мен ауылдарда өтті.

Мұнан бөлек аудан әкімі және орынбасарларымен 19 қабылдау өткізілген. 78 адам қамтылып, 50 мәселе оң шешімін тапқан. «Дарын», «Денсаулық» секілді ірі бастауыш партия ұйымдарында қоғамдық бақылаулар депутаттардың қатысуымен тұрақты өткізіліп келеді.

Жыл басынан бері мобильді қоғамдық бақылаулар адам шоғырланатын орындар емхана, орталық базар, халыққа қызмет көрсету орталығы, «Қазпошта» ғимараттарының алдында тұрақты түрде ай сайын ұйымдастырылуда. Жалпы мобильді көшпелі қабылдауда 112 өтініш тіркелген. Айта кету керек, мобильді қоғамдық бақылауларда «Құқықтық көмек» жобасы шеңберінде кеңес беру жұмыстары жүргізіліп келеді.

«Жер аманаты» жобасы бойынша да бірқатар жұмыс атқарылған. Мәселен, осыған дейін Мәрілі Шаменов ауылында қоғамдық қабылдауда жайылымдық жер сұралған. Осыған сәйкес тұрғындардың өтініші қанағаттандырылып, оң шешімін тапқан. Мемлекет меншігіне қайтарылған 215 гектарды құрайтын бір участок сол ауылға жайылымдық жерге қайтарылды берілді.

Биыл «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауданға 379,7 млн теңге қаржы беру жоспарланған. 448,3 млн теңгені құрайтын 66 жоба комиссия қарауында зерделеніп, оның ішінде жалпы құны

166,5 млн теңгені құрайтын 33 жоба қаржыландырылды.

«Қарыссыз қоғам» жобасы шеңберінде аудан бойынша кент, қала және әр ауылдық округтерде қазіргі таңда оқу курсынан 289 адам оффлайн, 668 адам онлайн, барлығы 957 адам оқытылу қажет деп жоспарланған. Бүгінде 682 адам оқытылды. Жалағаш аудандық отбасын қолдау орталығының 2 маманына оқу сертификаты берілді. Бүгінде дейін аталған бағдарламамен 1116 азаматқа онлайн кеңес берілді.

«Таза Қазақстан» жобасы шеңберінде «Таза бейсенбі» акциясы аясында 7 рет тазалық жұмыстары жүргізіліп, 15 тоннадан аса қоқыс шығарылды. Сондай-ақ партия мүшелері аудан көлемінде ұйымдастырылатын сенбілік, санитарлық-тазалық шарала-

рына да тұрақты әрі белсенді қатысып келеді.

Басқосуда «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауданда атқарылған жұмыстар жайлы да кеңінен мәлімет берілді. Аталған жобаның жүзеге асу барысы туралы есепті Мақпалкөл ауылдық округінің әкімі Тұңғышбаев Бауыржан баяндады.

Атқарылған жұмыстармен танысқан партияның облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай партия активі алдына сайлауалды уәделердің орындалуын қатаң бақылауға алу, қоғамдық қабылдау бөлмесіне тұрғындардан келіп түсетін өтініштердің оң шешілуіне ықпал ету, партиялық жобаларды жүзеге асыру барысында сайлаушылармен жүйелі әрі тиімді жұмыс жүргізу, бастауыш партия ұйымдарының жұмысын кү-



Е.АНУАРҰЛЫ

Өңгіме

Эх, велосипед! Велосипед! Кіп-кішкене томпиған қара қыз Құндызайдың тілімен қазақшалап айтқанда белсебет. Ол осы белсебетті қалай жақсы көретінін білсеңіздер ғой. Қатты жақсы көреді. Өте қатты. Жақсы көргені сол, осы екі аяқты арба күндіз-түні ойынан шықпайды. Тіпті кейде түсіне енеді. Ал түсінде көрсе рахат! Аспан түстес көкпеңбек, кейде жапырақ түстес жасыл белсебетті теуіп, зулап жүреді. Үй-үйдің арасындағы тар жерлерде емес, ауыл сыртындағы мәшинелер жүретін үлкен жолға шығып алып зулайды. Кейде шөпке, бақшалыққа баратын айдау жолмен ызғытып келе жатады. Рахат! Нағыз рахат! Өйткені мұнда «белсебетімді бер, белсебетімді бер, енді өзім тебем, сен көп тептің, өзімнің де айдағым келіп бара жатыр» деп асықтыратын Қымбат пен Гүлжауһар жоқ.

Белсебет



Олардың жоқ болатыны, бұл алысқа қашып кетті ғой. Екеуінің белсебетін кезек-кезек сұрап алады да, анда-санда өстіп алыстағы әйдік жолдарда зулайды. Сондайда, яғни ең лапада бір өзі зулап келе жатқанда, кеудесі қуанышқа толады. Шаттанады, маз болады. Асықтыратын, «бер де бер» деп безілдейтін, жынын келтіретін ешкім жоқ. Тек кей-кейде мұнымен жарысқан құсап ақ бауыр қарлығаш пен жұдырықтай жауторғай жанынан зу-зу етіп ұшып өтеді. Жақсысы, олардың мұнымен де, белсебетпен де шаруалары жоқ. Осылайша кеудесі қуанышқа толып, құстармен жарысып келе жатқанда астындағы белсебет өзінің сияқты болып кетеді.

Иә, үйдің жанындағы бірге ойнайтын достары Қымбаттыкі де, Гүлжауһардыкі де емес, тап өзінің белсебетіндей болады. Жүрегі жарылардай қуанып, маз-мөйрам күй кешіп, шаттанатыны да содан.

Эх, бірақ бұл Құндызайдың түсі ғой. Ал өңінде... Көбіне таңертең же-не кешке қарай көрші балалар, бәрі ойнауға шыққанда Қымбат көк, Гүлжауһар жап-жасыл белсебеттерін мініп алып, олай да былай жүреді. Сонда бұлардың көздерінің қызығатыны-ай.

Әуелгі кездері Бақтияр, Алпысбай, Мирамкүл, бәрі-бәрі екеуінің соңына іркес-тіркес еріп жүретін. Кейін қойды. Өйткені олар белсебет айдауды дұрыстап үйреніп алды да, құламайтын да, қиыс кетіп қалмайтын да болды. Ол ол ма, тіпті жеткізбейтінді шығарды. Сосын бұлар да ала еkle болмай, кейін қайтып өзді-өзі ойнай беретін болды.

Ойнайтыны, ойнайды-ау, бірақ бәрінің де көкейінде «Белсебеттен бір рет зуласам ғой, шіркін!» деген ойдың тұратыны анық. Әсіресе әлгі екі мақтаншақ қыз «Ей, көрдіңдер ме, біз келдік!» дегендей, белсебеттерінің қонырауларын сыңғыр-сыңғыр еткізіп, қастарына келіп тұра қалғанда бұлардың елеңдемеске лажы болмайды. Сонан ойындарын тоқтата қойып, орындарынан ұшып тұрып жалынуды бастайды.

— Гүлжауһар, берші, бір айналып көлейін.

— Қымбат, маған берші, сондай тепкім көп тұр.

— Жоқ-жоқ, Қымбат, маған берші, мен ең бірінші сұрадым ғой.

— Гүлжауһар, сен жақсысың, сондай жақсысың, маған бересің, ә?

— Жоқ, Мирамкүл, кеше ол маған берем деген.

— Саған емес, маған берем деді.

— Ей, ей, шуламаңдар, ешкімге де бермейміз, тағы да өзіміз тебеміз, сосын тағы да, тағы да.

— Иә, әлі оң жырма рет айналамыз, білең қойыңдар.

— І-і-і...

— А-а-а...

— М-м-м...

— Мейлі ендеше...

Осылай деп амалсыз келісіп, ұнжырғалап түскен балақайлар кері бұрылып, қайтадан өз ойындарына кіріседі. Ал Құндызай олай етпейді. Сол тұрған орнында селтіліп тұра береді. Белсебеттерінің қоңырауларын сыңғыр-сыңғыр еткізіп кетіп бара жатқан екеуінің артынан қарап тұрады. «Шіркін-ай!» деп ойлайды сондайда.

— Шіркін-ай, менде де осындай белсебет болса ғой. Көк белсебет. Жоқ-жоқ, көк емес, Гүлжауһардыкіндей жасыл Жоқ, Қымбаттыкіндей көк. Ей, бірақ мейлі, әйтеуір белсебет болса болды. Сыңғыр-сыңғыр ететін қоңырауы бар.

Апасы мен әкесіне ылғи айтып, қыңқылдап-ақ жүр ғой. Ондайда әкесі: — Әй, балам-ай, сәл шыдашы, ақшасы құрғырдың реті болмай жатыр. Алып беремін, алып беремін. Шей орып, сатсам да алып беремін. — дейді нық сөйлеп.

— А, алып бересің бе, жақсы болды ғой, жақсы болды, — дейді бұл қуанып.

Ал апасы: — Тәйт, қыз баланың белсебет тепкенінің несі жақсы. Онан да кесте тігіп, тор тоқуды үйренбейсің бе? Қыздарға сол дұрыс. Белсебетті ер балдар тебеді. Қыз балдар теппейді, — дейді түсіндіруге тырысып.

Апасы осылай дегенмен Құндызай қыз бала болса да, белсебет тепкісі келеді. Тепкісі келгенде қандай! Күнге шағылысып, жалт-жұлт ететін аппақ қоңырауын сыңғыр-сыңғыр еткізіп қойып, ауыл сыртындағы үлкееен жолда зулағысы келеді. Ал анау, апасы түсіндірген кесте, тор тоқу дегендер...

Айтпа, айтпа, ондайды бұл үйренбек түгілі, ойлағысы да келмейді. Үйдегі өзінен үлкен қыздар — апалары Құралай мен Айсәуле сияқты қолдары қалт етсе болды, кестелері мен қыяқ-қыяқ маталарың, торлары мен ине-жіптерің, крушоктарың алып іс тігуге отырғысы жоқ. Қазіргі бұның арманы — тек белсебет. Дәл қазір ғана емес, осы екі дөңгелекті зыр-зыр еткен керемет көлікке Құндызай бұрыннан да құмар тұғын. Оны айдап, желдей зулауды бұрыннан-ақ ұнататын. Тек бұрында белсебет қаладағы туысқандарының баласы Жарқында ғана бар болатын. Кей-кейде солардың үйіне қыдырып барғанда тебетін.

Жарқын — сондай жақсы бала. Белсебетін сұраса болды, дереу береді. Сосын «бол да бол, енді өзім тебемін» деп асықтырмайды. Қайта бұған көмектесіп, дарбазадан шығарып, «тратуар» деген тар жолға салып жібереді. Өзі соңынан қарап, қадағалап тұрады.

Құндызайға ең әуелі белсебет тебуді үйреткен де осы Жарқын туысы. Қызығы, Құндызай ауылдағы балалар сияқты белсебетке бірінші рет мінгенде құлап, қиқандап, рөліне еге бола алмай сасқалақтап, көп әуреге түскен жоқ. Жарқын мұны отырғызып, ері мен рөлінен ұстап сүйемелдеп, бір-екі рет жүргізіп көрсетіп еді, әрі қарай өзі үйреніп кетті. Сонан қалаға барса, Жарқының қоңыр белсебетінен түспейтін болды.

Сейтіп жүргенде өздерінің кіп-кішкентай ауылы Қоғалыдағы күнде бірге ойнайтын достары Гүлжауһар мен Қымбатта да белсебет пайда болды. Рас, әуелі пермеде бастық болып істейтін көкесі Гүлжауһарға белсебет әперді. Оны көрген Қымбат атасына қиғылықты салды-ай келіп.

— Ата, ата маған белсебет керек. Гүлжауһарға көкесі алып беріпті. Қаладан әкелпті. Маған да алып бер. Алып бересің, ә? Әйтпесе сенің балаң болмаймын, — деп атасын қорқытты.

— Алып беремін, алып берем, ботам, жақында пенсиямды алам, сосын әперемін, — деді атасы немересінің басынан сипап.

— Жоқ, жақында емес, қазір әпер, қазір әпер, әйтпесе сенің балаң болмаймын, папамның қызы боламын.

— Қой, ботам, олай деме, сен менің баламсың ғой, жарығым. Пенсия алайық...

— Ө-ө-ө-ө-ө-ө-ө-ө, болмаймын, болмаймын... ө-ө-ө-ө-ө-ө-ө. Белсебет, белсебет алып бер!

Сонан не керек, Дауылбай ата ертеңіне таң азымын тұрып, картон зауытқа жұмысшылар таситын портовый мәшинеге мінді. Ал түс кезінде бұлар киіз үйлерінде жайбарақат шайларын ішіп отырғанда: — Ей, Алпысбай, Құндызай, Мирамкүл, Бақтияр, келіндер, келіндер! Атам маған белсебет әкелді, белсебет әкелді, келіндер, көріндер! — деп зыр жүгіріп айқайлаған Қымбаттың даусы естілді.

Қолындағы қанты мен кесесін қоя салған Құндызай есіктің дәке пердесін серпіп жіберіп, сыртқа ытып шықты. Анадай жерде Мирамкүл мен Бақтияр да Қымбаттың үйіне қарай жүгіріп бара жатыр. Олардың соңын ала бере екпіндетіп бұл да жетті. Сөйтсе тамның көленкесіне балалар мен бір-екі көрші ағалар жиналып қалыпты. Орталарында су жаңа, көкпеңбек белсебет!

Әдемісін-ай! Көкпеңбегін-ай! Бұл тіпті Гүлжауһардыкінен де әдемі сияқты.

Осылайша Дауылбай қарияның жалғыз ұлының жалғыз қызы, атасының мойнына мініп отыратын өрке немересі Қымбатта да белсебет болды.

Сол күннен бастап Құндызайдың көкейінде «Шіркін, менде де осындай белсебет болса» деген арман пайда болды. Бұрын бүйітп армандамайтын. Өйткені белсебет тек Жарқын сияқты қаланың балаларында ғана болады деп ойлайтын. Сөйтсе жоқ. Ауылдағыларда да болады екен.

Е-е-ей, бірақ қазір бұған ешкім белсебет әперейін деп жатқан жоқ. Дауылбай қариядай атасы жоқ. Ылғи әдемі ойыншықтар мен сәнді киімдер сыйлайтын Гүлжауһардың перме бастық көкесіндей көкесі де болған емес! Сонда бұл не істемек? Не істесің, өйтіп екеуінің белсебеттеріне қызығып жүре береді.

Рас, Гүлжауһар да, Қымбат та жаман қыздар емес. Кей-кейде белсебеттерін бір-екі айналып келуге береді. Тіпті кейде көңілденіп кетіп, көбірек тептіретін кездері де болады. Ондайда бұл рахаттанып, желпініп, қуанышы кеудесіне сыймай, гажайып күй кешеді. Бірақ ондай қуанышты сәттер үнемі бола бермейді. Сонан да бұл көбіне белсебеттері дөңгелектерінің аппақ сымдары күнмен шағылысып жалт-жұлт етіп, қоңыраулары тынымсыз сыңғыр қағып, әрлі-берлі зуылдап жүрген қос құрбысына қызыға қараумен болады.

Әсіресе бұлар бір-бірімен ренжісіп, ұрсысып қалған кезде қиын, өте қиын. Қызығудың көкесін де сол кезде көреді бұл. Кермей қайтеді, мұндай қырғи қабақ күндері олар белсебеттерін бермек түгілі, рөлінен де ұстатпайды. Құндызайға ең ауыры да осы. Жап-жасыл көкпенбек белсебеттерге көзін салып, анадайдан телміре қарап тұрады. Сейтіп тұрып ойлайды...

«Не істесем екен, ә? Не істесем екен? Гүлжауһармен қайтіп татуласам екен? Қымбатты көндіру қиын. Оның мінезі шатақ. Ал Гүлжауһар шамалы жақсылау. Ол сосын суретті жақсы көреді. Талай рет ұрсынып қалғанда Құндызай оның дәптеріне үйдің, гүлдің, балықтың, көгершінің, қоян мен күшіктің, жапырақтың, талдың суреттерін салып беріп, қайтадан достасып кеткен. Мүмкін осы жолы да солай істер, ә? Тіпті болмаса, дәптерінің бәрін толтырып салып берер. Иә, сөйтеді. Осылай еткені дұрыс».

Сонда балақайлар неге ренжіседі дейсіз ғой. Оған да себеп осы белсебет. Біреуі «берші» дейді, біреуі «бермеімін» дейді. Оның соңы кеп ұрсысуға, екпелеп қалуға ұсапсады. Ал кейде бұлар «Анау жерге дейін ғана барып қайтамын» деген уәделерінде тұрмай, алыстау жаққа кетіп қалып, темір тұлпарды ұзағырақ теуіп қояды. Сондай келісімді бұзып, белсебетке мінсе болды уәдені де, өзге дүниені де ұмытып, шығандап, шарықтап кететінінің бірі, бірі емес-ау бірегейі — осы Құндызай.

«Енді өйтпеймін енді өйтіп алысқа кетпеймін» деп қанша айтады. Бірақ... бірақ... қайтесің енді... Аяғы педальға тиді дегенше тоқтау жоқ бұған, ой бір желпініп, қанаттанып, құстай ұшып кетеді дейсің. Тоқтай алмайды, кішкентай жерде жүре алмайды, алысқа, алысқа ұзады, ауыл сыртындағы үлкен жолға түсіп алып зулайды-ай келіп, зулайды.

Құндызай өйстіп қос құрбысының көлігіне қызығып, оларға жалынұмен жүргенде бір күні күтпеген оқиға орын алды. Ойында ештенсе жоқ, Гүлжауһардың жапырақ түстес жасыл белсебетімен ұзын жолда ұзақ зулады. Армансыз зулады, рахаттанып зулады. Ал кеш батып, егесіне белсебетін әкеліп берген кезде қымының қиыны болды. Екі бірдей жұдырығын түгіп, ашудан жарылар-

дай болып тұрған Гүлжауһар: — Мә, саған! — деп бар күшімен кеудесінен итеріп көп қалды.

Бұл ынқ етіп белсебеттің үстіне құлап түсті. Басы тура дөңгелектің ортасына тиді. Осы кезде Гүлжауһар мұның басына тепкісі келді ме білмейді, әйтеуір дөңгелекті үсті-үстіне теуіп-теуіп жіберді. Дөңгелек зыр айналды.

— А-а-ай, а-а-ай, шашым, шашым, ба-асым, ба-а-сы-ы-ым.

Құндызайдың құлындағы даусы шықты. Әрі қарай досы мұны теуіп жатыр ма, жоқ дөңгелек жәй айналып жатыр ма, білмейді, әйтеуір аспан төңкеріліп, жер көшіп бара жатқандай болды. Аргы жағы беймәлім.

Есін медпунктің бөлмесінде жиды. Қасында ақ халат киген доқтыр, өзінің апасы, Құралай және Гүлжауһардың апасы отыр екен.

— Өй, жәнім, көзін ашты ғой, — деді апасы даусы дірілдеп. Өзі жылаған ба, қалай, көзі қызырып кетіпті.

— Ой, айналайын, айналайын, тә-тә-тө, бізді қатты қорқытың ғой. Ештеңе қылмайды, — деді Гүлжауһардың апасы кібірткей сөйлеп.

— Басың қаға тиіпті қайта. Құдай сақтаған. Ана қыздың жанын шығарамын. Кешір, айналайын. Балалық жасаған ғой. Айып бізден. Енді таласпайтын боласыңдар. Запперме қайныма айтып, өзіңе бір белсебет алдырып беремін...

— Керегі жоқ! Керегі жоқ! Белсебеттің керегі жоқ! Керегі жоқ!

Құндызай қалай айқайлап жібергенін, неге айқайлағанын білмейді. Дәл сол сәтте «Белсебет» деген сөзді естігенде басына біреу біз сұғып алғандай болды. Жүрегі соғып, миы шанышып кетті. Тағы да аспан төңкеріліп, жер көшіп бара жатқандай болды.

— Керек емес! Белсебет керек емес! Керек емес! Ө-ө-ө-ө-ө. Ба-а-асы-ым-м...

— Қоя ғой, қоя ғой, жәнім, жәнім... — Тыныш, тыныш, қазір басылады, қазір жақсы болады, — деп доқтыр укол салуға кірісті.

Сонан Құндызай оншақты күндей медпунктке қатынап ем алды. Басының жарасына май жақтырып, ине шаныштырады. Дөкесін ауыстырып, сұйық дәрімен сүрткенде төбесі удай ашып, ауырды. Қанша өзін ұстап, мықты болайын десе де сол кезде бырт-бырт етіп көзінен жас шығып кетеді.

«Құрысын белсебеті, құрысын! Керек емес, керек емес!» деп еріксіз күбірлейді ондайда. Шашының түптері қол тигізбей қақсайды. «Қанталап кеткен» дейді. Айсәуле айтыты. Қанталамай қайтсын, дөңгелектің теміріне оралып, онымен қоса айналған шашын ажыратып ала алмағасын «терісін жұлып кетер» деп қайшымен қиып-қиып жіберіпті апасы. Сонан да қазір шашы үй әктейтін шөткеге ұқсап шүңтиып қалды. Бұрын бұрымдары тоқпақтай, ұзын еді.

Бұл «Керек емес» деген сөзді бекер айтпапты. Белсебет көрсе бітті, миы шанышып, жүрегі дүрсілдеп кететін болды. Аяқ-қолы дірілдеп қоя береді. Әнекүні Құралай екеуі доктырда жүргенде Гүлжауһардың көкесі бұған белсебет әкеліп, сарайға кіргізіп қойып кетіпті. Бірақ Құндызай оны барып көрген де жоқ. Ал естігенде көңілі жабырқап сала берді, жүрегі ауырғандай болды. Сосын өкісп-өкісп жылап жіберді. Өзін тоқтата алмай біраз жылады. Сол күні Айсәулеге қайта-қайта айтып, белсебетті Гүлжауһардың үйіне апарғызып тастады. Әкесінің: — Ағайыннан ұят болар, балам, — деген сөзіне құлақ асқан жоқ.

Осы оқиғадан кейін Құндызайға тек қана белсебет емес, көп нәрсе қызық болмай қалды.

Несібелі PAXMET

Қазақстанның мемлекеттік тілі — қазақ тілі. Ал оның қолданыс аясын кеңейту — ортақ міндет. Қазақстанда мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға бағытталған. Сондықтан қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нығайту ел саясатының басты бағыты болып қала береді.

Мемлекеттік тіл — қызмет тілі



Иә, бүгінде мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары сапаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келеді. Әр адамның азаматтық қасиеті өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен бағаланады. Адамның өз тіліне деген құрметінен анасына, ұлтына, Отанына деген құрметін білуге болады. Шындығында, өз тілін ұмытқан адам халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

Қазақ тілі — халықтың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұра. Осы ретте қазақ тілінің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Өйткені қолдағы бар мүлік тозар, жоғалар, бірақ мемлекеттік тіл — кез келген мемлекеттің тозбайтын ең қымбат мұрасы. Осы ретте елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау бәрінен маңызды екенін айқын аңғаруға болады.

Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткен дұрыс. Қазақ тілі — біздің рухани негізіміз. Осы тіліміздің халықаралық мәртебесін көтерү — өркениетке жетудің басты келіпі.

Тіл мәселесі қай кезде де құн тәртібінен түспейді. Бұл жөнінде Президент Жолдауларында, стратегиялық, бағдарламалық мақалаларында да кеңінен айтылып жүр. Жолдауларда мемлекеттік тілді саясатын дамыту мақсатында жаңа бағыт ұсынылып келеді. Бұл әрбір қазақстандық үшін бүгінгі күннің талабына орай әр адамның тұлғалық дамуына септігін тигізеді.

Қазақстанда барлық құжат мемлекеттік тілде жүреді. Жалағаш аудандық полиция бөлімінде де мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге нақты жұмыстар жүзеге асуда. Мәселен, бізде барлық құжат мемлекеттік тілде жүргізіледі. Дәл осындай қадам мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге сеп болары сөзсіз.

Салтанат КӘЛМЕНОВА,
АПБ-ның жеке құраммен
жұмыс жөніндегі топтың инспекторы,
полиция майоры

Мемлекеттік қызметтерді жетілдіру бәрінен маңызды

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік қызметтердің сапасына тұрақты бақылау жүргізеді. Бұл жұмыс қызмет көрсету процесіндегі кемшіліктерді дер кезінде анықтап, бұзушылықтардың алдын алуға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған.

Департамент талдау және мониторинг нәтижелері негізінде қызмет беруші органдарға нақты ұсыныстар әзірлейді. Бағалау мемлекеттік қызмет көрсету процесін құқықтық реттеу, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және техникалық мүмкіндіктер, мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру секілді үш негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

Агенттіктің әдістемелік ұсынымдарына сүйене отырып, Департамент әр тоқсан сайын мемлекеттік қызметтерді жақсартуға қатысты ұсыныстар тізілімін қалыптастырып, оларды іске асыру үшін Агенттікке жолдайды.

Осындай жұмыстардың бір сәтті мысалы — «Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту» мемлекеттік қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актіге енгізілген өзгерістер. Департамент мемлекеттік органдарға жоспарлы тексеру және азаматтардың шағымдарын қарау барысында жоспардан тыс тексеру жұмыстарының нәтижесінде осы қызметтің нормативтік құқықтық актісіндегі проблемалық мәселелерді анықтаған болатын.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығымен бекітілген Қағидаларға сәйкес, бұл қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардың әкімдері көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет қағаз жүзінде немесе egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы қолжетімді. Алайда тәжірибе көрсеткендей, кенттердің, ауылдардың және ауылдық округтердің әкімдіктері қағаз өтініштерді «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі немесе kyzmet.qjqt.gov.kz электрондық құжат айналымы арқылы тіркеген кезде бизнес-процестерді сақтамай, нәтижені дер кезінде беріу фактілері жиі кездескен, яғни, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдіктерімен «Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту» мемлекеттік қызметін көрсету Қағида талаптарында көзделмегендіктен, әкімдіктер өздерінің функциялары ретінде осы мемлекеттік қызмет түрін көрсетіп келген.

Осының салдарынан мемлекеттік қызметті көрсету барысында мерзім бұзушылықтар мен бюрократиялық кедергілер туындаған. Осы олқылықтарды жою үшін Департаментпен Агенттікке ұсыныс жолданды. Ұсыныста көрсетілетін қызмет берушілер тізіміне кенттердің, ауылдардың және ауылдық округтердің әкімдерін қосу қарастырылды.

Бұл ұсыныстар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің толық қолдауына ие болып, Қағидаларға тиісті өзгерістер енгізілді. Бүгінде бұл өзгеріс қызмет көрсету процесін жеңілдетіп, азаматтарға қолайлы жағдай жасады.

Департамент мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарын әрі қарай жалғастырады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
облыс бойынша департаментінің
Мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасы



Ғажайыпқа толы жаңа жыл

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев балаларды Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, ақжарма тілегін арнады.

– Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының өздеріңізге арнаған жаңажылдық құттықтауы, сыйлықтары мен ұмытылмас әсерлі сәттер сіздерге қуаныш пен шаттық сыйлады деп сенемін. Сіздер – тыныштық пен тұрақтылық орнаған Тәуелсіз Қазақстанымыздың жарқын болашағысыздар. Ата-ананың ең үлкен мақсаты – баласын жақсы, адал азамат етіп өсіру. Ал мемлекетіміз бен қоғамның басты мақсаты – елге ие болатын білімді де отаншыл ұрпақ тәрбиелеу. Сіздердің лайықты өмір сүріп, жақсы білім алуларыңыз үшін жағдай жасау – біздің басты мақсатымыз. Президентіміздің бастамасымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының қабылдануы, «Келешек мектептері» ұлттық жобасының жүзеге асырылуы, «Білімді қолдау», «Қазақстан халқына» қорларының құрылуы – сіздердің игіліктеріңіз үшін жасалған нақты істердің айқын көрінісі. Өңірімізде жас ұрпаққа сапалы білім беру, спортқа, өнерге баулу үшін барлық жағдай жасалуда. Заманауи мектептер, физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты, «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, Оқушылар сарайы, музыкалық колледж, жаңа стадион мен Теннис орталығы тұрақты қызмет көрсетіп келеді. Бірер күннен соң халқымыздың жеті қазынасының бірі саналатын Жылқы жылын жақсылықпен, жақсы үмітпен қарсы аламыз. Осындай жарқын сәтте сіздердің жүздеріңіздегі қуанышты көру еліміздің ертеңіне деген сенімімізді нығайтады. 2026 жылды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алып, ата-аналарыңызды жақсы жаңалықтармен қуантыңыздар. Жаңа жылда армандарыңыз орындалса, Тәуелсіз елімізбен бірге өсіп-өркендей беріңіздер, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, мерекелік шараға Жалағаш ауданынан 9 оқушы қатысты. Олардың қатарында кент орталығындағы №31 мектеп-гимназиясының 8-сынып оқушысы Жанерке Төлеу де бар. Көпбалалы отбасынан шыққан озат оқушы бүгінде білім ошағының мақтанышына айналды. Ол – алтын уағдайы озат оқушының бірі.

Мектеп мақтанышы осыған дейін «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының 7 сынып оқушылары арасындағы республикалық Қазақ тілі пәні олимпиадасында ІІ орын, 1-7 сынып оқушылары арасында зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының республикалық «Зерде» конкурсының аудандық кезеңінде этномәдениеттану секциясы бойынша ІІІ орын иеленген. Облыс көлемінде орта және арнаулы оқу орындары арасында «Берік отбасы есірткімен алыс!» анимациялық шығармашылық сайысында ІІІ орын және Жалағаш ауданының ашық біріншілігінде дзюдо күресінен де ІІІ орын иеленген.

– Мерекелік шарада бізге көтеріңкі көңіл күй сыйлаған Мемлекет басшысына, облыс әкіміне алғысымыз шексіз. Қазіргі таңда оқуда озат атандым. Бұл біздің әлі де білімімізді тереңдетуге үлкен шабыт болады. Баршаңызға Жаңа жыл мерекесі құтты болсын, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін. Жаңа жыл жақсылығымен келсін, – деді озат оқушы Жанерке Төлеу.

Бұл шараға ауданға қарасты ауылдық елді мекендерден де оқушылар қатысты. Олардың қатарында Ақсу ауылындағы №116 орта мектеп оқушысы Медина Батырбекқызы бар. Озат оқушы осыған дейін 2-7-сынып оқушылары арасында өткен республикалық зерттеу жобаларының аудандық кезеңінде жүлделі орыннан көрінді. Сондай-ақ бірнеше рет білім олимпиадаларынан топ жарды.

Дарынды оқушы ұлттық спорттан өткен талай додада топ жарған. Осыған дейін Сырдария ауданында өткен тоғызқұмалақ сайысында үздік үштікті түйіндесе, Жалағаш ауданында, Қызылорда қаласында да аталған спорт түрінен жүлделі орыннан көрінді.

Мерекеде Желаяқ, Құншауқ, Тәттібек, Люми сияқты кейіпкерлер, Жаңа жылдың басты қонақтары Аяз ата мен Ақшақар балаларға арналған қойылымдар ұсынды. Ғажайыпқа толы мерекені күткен, ертегілер еліне саяхат жасаған жеткіншектер өн айтып, би биледі.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ
Басы 1-бетте



Газетіміздің келесі саны 31 желтоқсан, сәрсенбі күні шығады

Сараптама

Кәсіпкерлік: салаға қайтсек серпін береміз?



Қазақстанда төмен кредиттік рейтингке қарамастан бірқатар кампанияға мемлекеттік қолдау көрсетілген. Сорақысы, көпшілік үшін бұл шектеу сақталған. Жөңілдетілген қаржыландыру шарттарына сәйкес келмейтін жобалар да мемлекеттен жиі қолдау тапқан. Бұл жалпы кәсіпкерлер үшін қолдау шараларының қолжетімділігін қиындатып отыр.

Елімізде қаржылай қолдаудың көлеміне қатысты да түйін тарқатылмаған сауалдар жоқ емес. Мәселен, кейбір жобалар бойынша қаржыландыру көлемі тым артық көрсетілген жағдайлар да кездеседі. Ал шығыстар жөңілдетілген несиенің мақұлданған құнына лайықталған. Заң тұрғысында талап етілген жобалық құжаттама бар, несиенің уақытында өтелуде. Бірақ осы ретте «Артық қаражат басқа да мақсаттарға бағытталып жатқан жоқ па?» деген заңды сауал туындайды.

Иә, бұл жағы әркімнің өз шаруасы шығар, бірақ осы құнның дұрыс есептеліп жасалмауының да салдары анық байқалып жатыр. Мәселен, елімізде тек 1 жоба бойынша 20 млрд теңге, яғни жалпы қарыздың 16 пайызы игерілмей, күші жойылған жағдайлар да кездесуде.

132 млрд теңге қаржылық есеп бұрмаланған

Мына қызықты қараңыз, мемлекеттік қолдауға ие болып жатқан кейбір кәсіпкерлік субъектілері меншік иелеріне девиденд төлеген жағдайлар да анықталған. Тіпті бұған шектеу қарастырылмаған. Сонда мемлекеттің өзінің қаржылай қолдауынан асатын девиденттердің төлеуі толғаңдырмай ма? Бұдан басқа да сауал көп, ал мұндай мәселелермен күрестің нәтижесі көңіл көншітпейді.

Бізге жобаларды қаржыландыру кезінде тиісті қаржыны түпкілікті алушыға дейін жеткізуде кейде ұзақ уақыт кетеді. Оны былай қойғанда Үкімет резервінің шұғыл шығындарға, күтпеген міндеттерге арналған қаражаты да 5 айға дейін кеш игерілген. Осы ретте қаржылай қолдаудан үміттілер үшін қарсы міндеттемелер белгіленуі керек сияқты. Ал бұл орындалмаса, қаражат кері қайтарылуы керек. Бірақ мұндай міндеттемелер барлық өңірде белгіленбеген.

Мұның салдары көп, тіпті келтіретін мысалымыз да жоқ емес. Мәселен, Павлодар облысында іс жүзінде жоқ зауытқа 2,4 млрд теңгеге инженерлік желілер тартылған. Жекелеген жағдайларда оңай орындалатын қарсы міндеттемелер белгіленген. Мәселен, 37 млрд теңге қаржылай қолдау тапқан 1 жоба бойынша салықтардың өсуін былай қойғанда штаттық бірлікті 1 адамға ұлғайту талап етілген. Күлкілі, мемлекет 37 млрд теңге қаржылай қолдау арқылы 1 ғана жаңа жұмыс орнын ашуды мақсат еткен бе?

Жуырда Жоғары аудиторлық палата саладағы біраз бұйымды бетін ашты. Жалпы 133 млрд теңге бюджет қаражаты тиімсіз жоспарланып пайдаланылған. 132 млрд теңге қаржылық есептің бұрмаланғаны да белгілі болды. 13 млрд теңге көлемінде қаржылық бұзушылықтар анықталған. 40 млрд теңгеге жуық экономикалық шығындар тағы бар. Дәл осындай кемшіліктер анықталған 14 материал құқық қорғау органдарына жолданған. Әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін де 105 материал жолданып отыр.

Шағын және орта кәсіпкерлікте 4 млн 400 мың адам жұмыс жасайды

Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға ерекше мән берілді. Бүгінде мұндай кәсіпорындарда 4 млн 400 мың адам жұмыс жасайды. Бұл жұмыспен қамтылған жалпы халықтың 48 пайызын құрайды. Бірақ бұл бағытқа бюджеттен қыруар қаражат бөлінгенімен шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі төмендеп барады. Соңғы 5 жылда оның көлемі 6,7 пайыздан аспай отыр.

6 жылда елімізде кәсіпкерлерге 4,5 трлн теңге қаржылай қолдау көрсетілсе де, халық қалаулыларының мемлекеттік

қолдаудың қайтарымы мен тиімділігіне көңілі толмайды. Тіпті мемлекеттік қолдау шаралары жүйесіз жүргізіліп жатқанын да жасырмайды.

Елімізде өңделген тауар экспорты төмен. Мәселен, 2023-2024 жылдары экспорттың жалпы көлемі небәрі 33-35 пайыз көлемінде қалып отыр. Осы ретте мемлекеттік қолдау шараларын дайын өнім шығаратын өңдеуші кәсіпорындарға көбірек бағыттаған дұрыс сияқты. Сондай-ақ мемлекеттік қолдауға ие болған кәсіпорындардың шикізатты, тауарлар мен қызметтерді отандық тауа өндірушілер тізіліміндегі кәсіпорындардан алуды міндеттеу керек.

Халық қалаулылары осылай дейді. Иә, мемлекеттік қолдау шараларына қатысты пікірді қос қолдап қолдаймыз. Бірақ екінші ой қисынсыз сияқты. Өйткені біз бұл жерде экспорт мәселесін көтеріп отырмыз. Ал өңдеуші кәсіпорындардан жергілікті кәсіпкерлердің тауар алуы ішкі нарыққа жатады. Егер депутаттар бұл ойын импортқа түрелдіктен арсылуға қатысты айтса, қолдаған болар едік.

Депутаттар субсидиялауды тоқтату қажет деп есептейді. Оған делел де жоқ емес. Олардың көтерген мәселесіне құлақ түрсе, кәсіпкерлерді қолдауға арналған бағдарламалардың іскер азаматтарға қарағанда пайдасын қаржы ұйымдары көріп отырғандай. Мәселен, 3,5 жылда «Даму» қоры арқылы банктердің пайыздық үстемәкисын төмендетуге 686 млрд теңге бағытталған. Халық қалаулылары оның орнына жөңілдетілген несиені берілуі қажет дейді. Шындағында, бұл ұсынысты қос қолдап қолдаймыз.

Бүгінде мемлекет бизнесті қолдаудың 117 құралын іске асыруда. Оның 76-сы қаржылық, 38-і қаржылық емес, 3-еуі мүлкікті қолдау тетігі. Соңғы бес жылда тіркелген шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 40 пайызға артып, 2,3 млн-ға жеткен.

2 464 жобаға 40 млрд теңге қаржылай қолдау көрсетілген

Қызылорда облысында кәсіпкерлік саласын дамытуға негізделген бағдарламалардың жергілікті жұрт игілігін көріп отыр. Бүгінде облыста шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 20 пайыздан асқан. Экономикалық белсенді тұрғындардың үштен бірі осы салада еңбек етеді.

Биыл аймақта шағын және орта бизнестің 2 464 жобасына барлық қаржы көзінен 40 млрд теңге қолдау көрсетілді. Мемлекеттік қолдаудың арқасында өндірістік нысандар іске қосылып, тамақ өнеркәсібіне бағытталған шағын өнеркәсіптік аймақтар құрылған. Алдағы үш жылда 2 трлн 800 млрд теңге қаржы салынған 98 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлауда.

Бүгінде облыста қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда. 2022-2024 жылдары облыс экономикасында 1 трлн 600 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылған. Биылға 631 млрд 400 млн теңге жоспарланған. Бүгінде жаңа жобаларды іске қосу арқылы инвестиция 750 млрд теңгеден асты. 2021 жылмен салыстырғанда инвестиция көлемі 233 пайыз артса, жеке инвестиция үлесі 70 пайызды құрайды.

Экономиканы өртарпақтандыруда алдағы жылдары 2,8 трлн теңгенің 98 инвестициялық жобасы жоспарланған. Бұл 12 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Биыл 300 млрд теңгеден астам қаржыға 27 инвестициялық жоба іске қосылды. Шілде айында 5 млрд теңгеге «Қызылорда Саз-М» серіктестігінің толық автоматтандырылған кірпіш зауыты ашылды. Зауыт жылына 90 млн кірпіш шығарып, жергілікті құрылысқа қажетті сұраныстың 90 пайызын қамтамасыз етеді.

«Қызылорда нан» серіктестігінің нан өндіру кешені іске қосылды. Кешеннің жалпы құны 5 млрд 600 млн теңге болатын нан-тоқаш, кондитерлік-макарон өнімдерін шығаратын 4 цехы жұмыс жасауда. Жалпы қуаттылығы – 7,8 мың тонна.

Бұдан бөлек 753 млрд 300 млн теңгеге 14 ірі жобаның құрылысы басталуда. Тарқатып айтсақ, 414 млрд 700 млн теңгеге «Шалқия» көн-байыту фабрикасы, 161 млрд 400 млн теңгеге кальцийленген сода зауыты, 60 млрд теңгеге «Seven Rivers Technologies» компаниясының бөтелке шығаратын зауыты, 37 млрд 800 млн теңгеге оңтүстік корейлік «With you e&s Quzy-lorda» компаниясының тұрмыстық қатты қалдықтар өңдеу зауыты бар.

«Табиғи тас Қызылорда» серіктестігінің 17 млрд 300 млн теңге қаржы салынған, қуаттылығы жылына 1 млн 100 мың тонна өк шығаратын зауыт келер жылы іске қосылады. Кәсіпорын іске қосылса, 92 жұмыс орны ашылады.

Осыған дейін Испандық «Роса Group» компаниясымен жылына 500 мыңға дейін санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жоғары технологиялық зауыт салу жөнінде инвестициялық келісімге қол қойылды. Елімізде салынатын алғашқы зауыттың құны – 44 млрд теңге, 300-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылады. Жоба 2027 жылы іске қосылады. Өңірде аграрлық-индустриялық кластер құру мақсатында 51 млрд теңгеге швейцариялық «Harvest agro» компаниясының техникалық қарасора, жүгері мен соя өсіретін, қайта өңдейтін зауытының және 40 млрд теңгеге жүгері дақылын терең өңдейтін крахмалсірне зауытының құрылысы басталды.

Үкімет қаулысымен мамыр айында Қызылорда қаласында аумағы 550 гектар «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Аймаққа өндірістік нысандарды орналастыру мақсатында отандық, шетелдік инвесторлармен келіссөздер жүргізілуде. Бұл жерде өңірдің өнеркәсіптік-логистикалық әлеуетіне сәйкес келетін экономикалық қызметтің 18 түрі іске асады. Қазіргі таңда инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстары басталуда.

238 жоба 3 млрд 196,8 млн теңге қаржылай қолдау тапты

Биыл ауданда 2 795 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелді. Оның бүгінде 94,2 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Нәтижесінде 4 440 адам жұмыспен қамтылды. Міне, осыдан-ақ саланы дамыту арқылы жұмыссыздық мәселесін тұсауға болатынын аңғару керек.

Макроэкономикалық көрсеткіштерге келсек, 10 айда айтарлықтай өсім қалыптасқан. Мәселен, ауданның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелері мен кәсіпорындары және жеке секторларды арқылы 34 млрд 486 млн теңгенің өңімі өндірілген. Былтыр тиісті мерзімде 31 млрд 876 млн теңгенің өңімі өндірілген еді. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі 10 айда шаруашылықтардың күріш ақтау және «Өркен Әлем» ЖШС-ның өндірген өңімі есебінен 148,1 пайызға артып, 13 млрд 893 млн теңгенің өңімі өндірілген.

Бөлшек сауда көлемі биыл 10 айда 3 млрд 433,8 млн теңгеге орындалған. Аудан бойынша негізгі капиталға тартылатын инвестиция көлемі жыл бойында 21 млрд 300 млн теңгеге орын дау жоспарланған. Бекітілген жоспарды артығымен орындау үшін 23 млрд 900 млн теңге болып жеке қайта бекітілді. 10 айда негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 17 млрд 898,2 млн теңгені құрады.

Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастау, жұмыс істеп тұрған кәсіпін дамыту, жаңа бизнес идеяларды іске асыру мақсатында 400 АЕК көлемінде мемлекеттік грант бағытында аудан бойынша қыркүйек айына дейін 238 жоба 3 млрд 196,8 млн теңгеге қаржыландырылған. Оның ішінде «Ауыл аманаты» жобасы аясында 166,5 млн теңгені құрайтын 33 жоба қаржылай қолдау тапты. Тарқатып айтсақ, өңдеу бағыты бойынша 13 жоба 58,9 млн теңге, асылтұқымды мал шаруашылығы бағыты бойынша 12 жоба 66,1 млн теңге, ара балы өндірісі бойынша 1 жоба 4 млн теңге, құс шаруашылығы бойынша 1 жоба 2,5 млн теңге, қызмет көрсетудің басқа да бағыттары бойынша 6 жоба 35

млн теңге қаржылай қолдауға ие болған. Нәтижесінде 35 жаңа жұмыс орны құрылды.

Биыл ауданда жалпы құны 1 млрд теңгені құрайтын 4 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Соның арқасында 19 жаңа жұмыс орны ашылды. Тарқатып айтсақ, олардың қатарында «Ер-Әлі» шаруа қожалығының «Күріш ақтау және жем өндіру» зауыты бар. Жобаның жалпы құны 150 млн теңгені құрайды. Жоба толықтай іске қосылып, жаңадан 5 жұмыс орны ашылды.

«Бейбарыс» кәсіпорнының «Кондитерлік өнімдер шығару» цехының жоба құны 50 млн теңгені құрайды. Оның ішінде «Байқоңыр» ӘКК арқылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында 4,9 млн теңге қаржылай қолдауға ие болған. Жоба толық іске қосылып, 2 жұмыс орны құрылды. «Тәтті» кәсіпорнының иесі А.Гаюпованың «Сауда және ойын-сауық орталығы» жобасының жалпы құны 380 млн теңгені құрайды. Бұл жоба да толық іске қосылып, 2 жұмыс орны ашылған.

«Таң ЛТД» «Өндірістік база құрылысы» жобасының жалпы құны – 422 млн теңге. Өндірістік база ғимаратының құрылыс жұмыстары толық аяқталып, құрал-жабдықтар орнатылған. Аталған нысанда іске қосу үшін елді мекенде орнатпақсан электр трансформаторының құаттылығы жетіспеуіне орай бүгінге дейін шешімі табылмаған еді. Серіктестіктің өз қаражаты есебінен аталған трансформаторды орнатуға мүмкіндігі болмауына орай, облыс әкімдігі жанындағы үйлестіру кеңесінің күн тәртібіне енгізіліп, облыс әкімінің қаулысына сәйкес облыстық бюджеттен 187,1 млн теңге бөлінді. Қызылорда электр тарату торабы компаниясы арқылы тиісті жұмыстар жүргізіліп, кәсіпорын толық іске қосылып, 10 жаңа жұмыс орны құрылады деп күтілуде.

Бұдан бөлек 2026 жылы Ұлттық цифрлік инвестициялық платформа аясында ауданда 1 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Ол – «Агрохимсервис-С» серіктестігінің жалпы құны 905 млн теңгені құрайтын «қоймалар және шатыр» құрылысы жобасы. Оның ішінде 840 млн теңгесі мемлекеттік қолдау шараларына тиесілі. Алдағы уақытта 5 жаңа жұмыс орны ашылады. Бүгінге дейін қоймалардың 90 пайыздан астам жұмысы аяқталған. Қытай елінен құрал-жабдықтардың алғашқы легі келді. Жыл соңына дейін құрал-жабдықтарды толық жеткізу жоспарлануда. Жоба толық келер жылдың І тоқсанына дейін іске асырылады. Сонымен қатар биыл Қызылорда облысы әкімдігінің сүйемелдеуімен ауданда жалпы құны 51 млрд теңгені құрайтын «Харвест Агро Холдинг» компаниясының техникалық қарасора, жүгері және сояны өсіру және қайта өңдеу бойынша агро-индустриялық кластер құру жобасы іске асыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Жобаны екі кезеңмен іске асыру жоспарланған. Оның қуаттылығына келсек, жылына техникалық қарасора – 42 мың тонна, жүгері дәні – 70 мың тонна, соя – 20 мың тонна, Жоба аясында 60 мың тонна шикізат өңдейтін және май сұғу зауыты іске қосылады. Сондай-ақ 150 адам жұмыспен қамтылмақ. Қазіргі таңда облыс әкімдігі мен «Харвест Агро Холдинг» компаниясы арасында өзара ынтымақтастық туралы екіжақты меморандумға қол қойылды. Жер учакесін рәсімдеу және су пайдалану лимиттерін растау жұмыстары жүргізілді. Жалпы аймақта, ауданда кәсіпкерлік саласының даму қарқыны жоғары. Ал ел бойынша әлгіндей мәселелердің шешіміне әлі де жұмыс жасау керек. Әсіресе экспорт көлемін арттыруға нақты қадам жасалса игі. Ал ішкі нарықты қамтамасыз ететін шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға негізделген мемлекеттік қолдауға жылдам қол жеткізудің де тиімді тетіктері қарастырылу қажет. Әсіресе мемлекеттік қолдауды үйлестіруде алалаудан ада болған абзал.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ
Басы 1-бетте

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №2216

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Гүлжан Есжан